


ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАРИХИ ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КОНЦЕПТИЛЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ОҚЫТУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

2018-2019 оқу жылында өткізілген
мониторингтік зерттеу нәтижелерінің
негізінде

Оқушылардың тарихи ойлауын қалыптастыру



Тарихи сананың қалыптасуы

- бұл тарихты білу, тарихи тәжірибе мен оның сабақтарын ұғынып түсіну
- әлеуметтік болжау
- өз іс-әрекеті үшін тарихи жауапкершілікті түсіну

✓ қоғамдық құбылыс пен оқиғаға сипаттама бере алу

✓ кез-келген тарихи құбылыстың ауыспалы табиғаты мен оның тарихи маңыздылығын тани алу

✓ қоғамдық топтар мен белгілі бір тұлғалардың іс-әрекетін анықтайтын әлеуметтік уәждерді іздей алу

✓ кез-келген қоғамдық құбылыстың пайда болу себептерін анықтай алу

✓ тарихи заңдылықтың белгілі бір құбылысының көпқырлығын тани алу

✓ әр тарихи құбылысқа тән даму тенденцияларын іздей алу

Тарихи концептілер



Дағды

кез-келген тарихи
құбылыстың табиғаты
мен оның тарихи
маңыздылығын тани
алу

Ерешеліктер



Кенесары көтерілісі

- Көтерілістің сылтауы, себептері мен қозғаушы күштері
 - Көтерілістің барысы
 - Көтерілістің кезеңдері
 - Көтерілістің жеңілу себептері
 - Көтерілістің нәтижесі
 - Тарихи маңызы
- ↓
- Шектеулі ақпарат көздерімен жұмыс (дайын мәтіндер)
 - Мазмұнды игерудегі біржақтылық
 - Тапсырмалардың білім мен түсінік деңгейінде құрастырылуы
 - Фактологиялық білімді қалыптастыру

- Көтерілістің тарихи контекстін талдау: 1837-1847 жж. тән саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдай және оның көтерілістің болуына әсері.
- Көтерілістің себептерін талдау: барлық ықтимал себептерді анықтау → оларды саяси, әлеуметтік, экономикалық қоғам аялары бойынша топтастыру → ұзақ мерзімді, орта және қысқа мерзімдер себептерге жіктеу → маңызды екі себепті тұжырымдау.
- Кенесарының қызметін сипаттайтын әлеуметтік уәждерді іздеу.
- Көтеріліс барысын талдау: әр кезеңнің ерекшеліктерін талдау, бетбұрысты, стагнация мен прогресс болған кезеңдерді анықтау.
- Көтерілістің маңыздылығын критерийлер арқылы талдау: Оқиға Есте қалатын ба? Мәнді? Нәтижелі? Резонансты? Белгілі бір уақыт өткеннен кейін оқиғаның маңыздылығы саяси/экономикалық/әлеуметтік/мәдение салада өзекті болып қала берді ме?


↓

Тарихи ойлау және зерттеу дағдыларының дамуы

Маңыздылықты талдау

Дәстүрлі сабақ:

Кенесары көтерілісінің тарихи маңызы неде?



Нақты сол уақытта және белгілі бір уақыт аралығынан кейінгі Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілістің маңыздылығы қандай?


Белгілі бір уақыт аралығынан кейін



2018-2019 о.ж. мониторингтік зерттеу

✓ **Мониторингтік зерттеудің мақсаты:** мұғалімдердің концептілерге негізделген оқытуды оқу үдерісінде қалайша қолданатынын анықтау.

- ✓ **Міндеттері:**
- Мұғалімдер концептілерге негізделген оқытуды қалайша түсінеді?
 - Мұғалімдер концептілерге негізделген тапсырмаларды құрастыра алады ма?
 - Тарих сабағында зерттеу дағдылары қалайша дамытылады?



Мониторингтік зерттеудің бастапқы нәтижелері:

+	-	Ұсыныс
<p>1. Тарих сабағында белсенді оқыту әдістерінің қолданылуы.</p> <p>2. Түрлі тарихи деректердің пайдаланылуы.</p> <p>3. Оқушылардың себеп-салдарлық байланыс не екенін және оны қалайша анықтау қажеттігі туралы хабардар болуы.</p>	<p>1. Мұғалімдердің «өзгеріс пен сабақтастық», «интерпретация» концептілері негізінде тапсырмаларды құрастыруда қиындық көруі.</p> <p>2. Мұғалімдердің күнделікті практикада концептілерді жүйелі түрде қолданбауы.</p> <p>3. Бағалауда дағдыларды тесеруге бағытталған тапсырмалардың сапа мәселесі.</p>	<p>1. Әрбір концепті бойынша тапсырмалар жинағынан тұратын әдістемелік құрал құрастыру.</p> <p>2. Пәндік тренингтерде концептілер негізінде оқытуға баса назар аудару.</p> <p>3. Мұғалімдердің бірлесіп сабақ жоспарлау үдерісін жүйелі түрде ұйымдастыру.</p>



«Оқу бағдарламасындағы тақырыптардың проблемалық сұрақ ретінде құрастырылуы оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді».

«Оқушылар тарихи оқиғалардың себептері мен салдарларын анықтауға дағдыланған, өз жауаптарын негіздей алады».



Бақыланған 17 сабақтың 10-ында әртүрлі тарихи деректермен жұмыс байқалды.



- ✓ *Онлайн сауалнамаға сәйкес мұғалімдердің 32,7% (16 мұғалім) концептілердің негізінде тапсырма құрастыруға қиналады.*
- ✓ *Мұғалімдердің 26,5% (12 мұғалім) 7 сыныптарда, 18,4%-ы 10 сыныптарда концептілер бойынша оқытуда қиындық көретінін айтты.*
- ✓ *42,9% мұғалімдер (21 мұғалім) «интерпретация», 16,3%-ы «өзгеріс пен сабақтастық» концептілері бойынша тапсырмалар құрастыру жиі қиындық тудыратыны туралы пікір білдірді.*
- ✓ *2017-2018 оқу жылының сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері бойынша да оқушылардың «дәлел» және «интерпретация» концептілеріне сәйкес тарихи деректермен жұмыс жасау, оларды талдау, түсіндіру, түрлі деректерді интерпретациялауда қиындық көретіні бірден аңғарылды.*
- ✓ *Бақыланған 17 сабақтың ішінен 8 сабақта концептілерге негізделіп құрастырылған тапсырмалар орын алды. Тапсырмалар көбінесе «дәлел» мен «себеп-салдар» концептілеріне қатысты.*

Мониторингтік зерттеудің нәтижелері бойынша жасалатын алдын-ала тұжырымдар:



Тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және пәндік мазмұнды терең ұғыну мақсатында концептілерге негізделген оқытуды қолдану тиімді.



Сабақта берілетін тапсырмалар бір немесе екі концептілердің негізінде құрастырылуы тиіс.



Тарих сабағында түпдеректер мен қосалқы тарихи деректерді көбірек қолданған абзал.



Сыныптан сыныпқа қарай бұл концептілердің негізінде дамытылатын дағдылардың прогрессиясын ескерген жөн.

Зерттеу перспективалары:



Тарих сабағында оқушылардың зерттеу дағдыларын (зерттеуге негізделген оқыту) дамыту жолдарына қатысты мониторингтік зерттеуді жалғастыру



2019-2020 о.ж. мониторингтік зерттеуде «интерпретация» және «өзгеріс пен сабақтастық» концептілеріне акцент жасау

Назарларыңызға рахмет!